

**Нұрқұл Мұхит Асанұлы**[nurkul26@gmail.com](mailto:nurkul26@gmail.com)Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, экономика факультеті,  
экономика мамандығы 1 курс студенті  
Ғылыми жетекші - Молдашев.Н.О

Бұл мақалада негізгі қарастырылған мәселе Қазақстандағы шағын кәсіпкерліктің қалыптасуы және оның кейінгі уақыт кезеңдеріндегі даму тенденциясы. Қазақстандағы және шет мемлекеттердегі банктердің шағын кәсіпкерлікті қаржыландыру мәселелері бойынша салыстырмалы-сараптамаалар жасалды. Олардың экономикаға тигізетін салдарын алып, қорытынды шығарылды.

Қазақстан Республикасының бүгінгі күні нарықтық экономика жағдайында алдына қойып отырған негізгі мақсат-міндеттерінің бірі шағын кәсіпкерлікті дамыту. Яғни жұмысшылардың саны 50 адамнан аспайтын, мемлекеттік орындарда тіркелген, заң негізінде шаруашылық қызметпен айналысатын тұлғалар.

Бүгінгі таңда, тек Қазақстанда емес, бүкіл дүние жүзінде шағын кәсіпкерлік экономиканың өрлеуінің және әлеуметтік-саяси жағдайлардың тұрақтылығының басты құралы.

Сонымен қатар, шағын кәсіпкерлік – экономиканың ең тиімді әрі нәтижелі секторы. Шағын кәсіпкерлік тұрмысқа қажетті тауарлар мен қызметтерді қанағаттандыруда, жұмыссыздық көрсеткішін төмендетіп, жұмысбастылықты қамтамасыз етуде, кәсіпорындарының монополиясын шектеуде және экономиканы тұрақтандыруда шешуші фактор болып табылады.

Қазақстан Республикасындағы негізгі кәсіпкерліктің қалыптасуы еліміздің тәуелсіздігін алғаннан кейін басталды. Дәлірек айтсақ, мемлекетіміздің кәсіпкерлікті қолдау және дамыту шаралары негізінен 6 кезеңнен тұрады, кесте 1.

Мемлекеттің шағын кәсіпкерлікті қолдау және қаржыландыру жұмыстарын жүргізуінің негізгі мақсаттары мен себептері, олар:

Бірінші, экономикалық өсу көрсеткіштерін жоғарылату. Себебі, экономикалық өсудің негізгі көрсеткіші ЖІӨ анықталады. Ал, өзіміз білетіндей дамыған мемлекеттердің ЖІӨ-нің 50%-нан жоғарысын шағын және орта кәсіпкерлік, оның ішінде шағын кәсіпкерліктің үлесі үлкен бөлігін алып отыр.

Екінші себебі, кәсіпкерлерден түсетін салық көлемі мемлекет бюджетінің негізгі бөлігін құрайды. Сәйкесінше, тиімді өнім өндіретін кәсіпорын санының көп болуы, ол мемлекет бюджетінің артуына алып келеді.

Үшінші мақсат, еліміздің әлемдік аренадағы бәсекелестігін арттыру. Жеке кәсіпкерлер көп болған сайын бәсекелестік артады.

Ал, бәсеке болған жерде әрдайым өндіріс көлемі, сапасы және басқа да мемлекеттің экономикасына оң әсерін тигізетін факторлар көрсеткіштері жоғарылайды. Яғни, елде неғұрлым кәсіпкерлер үлесі артқан сайын, соғұрлым мемлекетте басқа дамыған мемлекеттермен бәсекеге түсу мүмкіндігі артады.

Біздің республикамызда 2017 жылғы мәлімет бойынша шағын кәсіпкерліктің ЖІӨ-де алатын үлесі бар болғаны 18,3% құрап отыр. (Сілтеме 1: <https://7kun.kz/sha-yn-biznes-lty-ekonomikany-drajverine-ajnaldu>)

Кесте 1. ҚР шағын кәсіпкерлікті (ШК) қолдау және дамыту шаралары

Кезеңдері	Кәсіпкерлік суб/р мен	Артықшылықтары	Кемшіліктері	Қабылданған

	жұмыскерлер саны			заңдар мен жобалар
Бірінші кезең 1992-1994 жж	Нақты саны жоқ. Себебі, енді ғана тәуелсіздігін алған еліміздегі жағдай тұрақсыз болды. Сол себепті нақты статистика-лар болған жоқ.	Кәсіпкерлікті несиелеуде жеңілдіктерді. Жеңілдіктер арқасында көп кәсіпкерлер өзіне бастапқы капитал жинай алды және инфляцияға төтеп бере алды. Себебі берілген несиенің пайыздық үстемесі төмен болды.	Кәсіпкерлік іс-әрекет кезіндегі заңдардың тиісті түрде орындалу тәртібінің әлсіздігі; Салық салу және салықтық тексеру жүйелерінің тым күрделілігі	«Қазақстанда кәсіпкерліктің дамуы мен шаруашылық қызметтің еркіндігі»,
Екінші кезең 1994-1996 жж	Шамамен 100-200 мың арасы/ 400-450 мың адам	Кәсіпкерлік субъектілердің заңға бағынып жұмыс істей бастауы; Кәсіпкерлік субъектілер санының артуы; Адамдардың көптеп жұмыспен қамтылуы;	ШК қолдау инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуы; Мамандарды даярлау және ақпараттық қолдаудың жоқтығы;	«Жеке кәсіпкерлікті қолдау және қорғау»;
Үшінші кезең 1997-2000 жж	307 мың субъект/ 1,2 млн адам	1997 жылы шағын кәсіпкерлік мемлекеттік қоры құрылды және кәсіпкерлікті қаржыландыра бастады. 1998 жылы 3 айдың ішінде 136 жобаға 1,3 млн доллар қаражат бөлінді.	Шағын кәсіпкерліктің мемлекеттік құрылымдарымен өзара іс-қимыл жасауындағы мәселердің туындауы; Мемлекет тарапынан кәсіпкерлікке жасалынған әкімшілік тосқауылдар;	«Шағын және орта кәсіпкерлік туралы заң»
Төртінші кезең 2001-2003 жж	372 мың субъект/ 1,4 млн адам	Алдыңғы кезеңдегі мәселелерді шешу үшін мемлекеттік бағдарламалар жүргізілді; Шағын кәсіпкерлік саласындағы мақсатты құқықтық актілер жетілдірілді; Қаржы-несиелік және инвестициялық тұрғыдан	ШК дамытуда халықаралық ынтымақтастықтың болмауы; Шағын кәсіпкерлік аясында кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесінің төмен деңгейде болуы;	«Қазақстандағы кәсіпкерлікті мемлекеттік қорғау»

		қолдау саясатының тетіктері жетілдірілді;		және дамыту»
Бесінші кезең 2004-2008 жж	656мың субъект/ 1,82млн адам	Мемлекет шағын кәсіпкерліктің жақын перспективасы негізінде басты бағыттарын белгілеп, бәсекелестік ортаны қалыптастыруды негіздеді;	Әлемдік дағдарыс әсеріне төтеп бере алатын мемлекеттік бағдарламалар болмауынан көптеген кәсіпорындар өз жұмысын тоқтатуға мәжбүр болуы; Кәсіпкерлікті қаржыландыру көздерінің кәсіпкерлер үшін тиімділігінің артпауы;	«Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бойынша жедел шаралары»
Алтыншы кезең 2008-2019ж	1,6 млн субъект/ 3,1 млн адам	Мемлекет тарапынан кәсіпкерлікті қаржыландыру мақсатындағы қаржынесие және инвестициялық қолдауларжасалынуда; Ауылдық жерлердегі шаруашылық кәсіпкерлікті дамыту үшін «Ауыл шарушылығын қолдау қоры» АҚ, «Қазагрофинанс» АҚ-ы құрылды.	ШК баяу дамуы; Шағын кәсіпкерлікті одан әрі дамыту жұмыстарындағы тәжірибенің аздығы; Мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуындағы олқылықтардың көптігі;	«Бизнестің жол картасы 2020», «Даму» қоры және т.б

2018 жылғы Ұлттық банктің есебі бойынша барлық тоқсандық көрсеткіштердің қосындысының негізінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне берілген несие қаражаттарының көлемі:

Жалпы	Заңды тұлғаларға		Жеке тұлғаларға	
	Ұзақ мерзімде	Қысқа мерзімде	Ұзақ мерзімде	Қысқа мерзімде
1 трлн 563 млрд 661 млн тг	57 млрд 332 млн тг	193 млрд 945 млн тг	14 млрд 855 млн тг	5 млрд 272 млн тг

Бұл беріліп отырған қаражаттар көлемін көтеруіміз қажет. Себебі бізге бөлініп отырған қаржы көлемі үлкен болып көрінгенімен, басқа мемлекеттермен салыстырғанда өте төмен болып саналады. Бірақ, негізгі мәселе тек бөлінетін қаржаттарда емес, сол қаражаттарды тиімді әрі нәтижелі жүзеге асырылуында. Яғни, біздің мемлекетімізде шағын кәсіпкерлікпен айналысуды бастаған кәсіпкерлердің басым көпшілігі өз капиталдарын дұрыс пайдалана алмау нәтижесінде сол кәсіпкерліктерін жарты жолда қалдырып кетіп жатады. Бұл көп кәсіпкерлердің кәсіпкерлікпен айналысуға психологиялық тұрғыдан дайындықтарының төмендігін көрсетеді. Бірақ тек қана бұл емес, басқа да факторлар, яғни:

- несие ставкасының жоғары болуы;
- экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы;

-салықтық реттеудің тұрақсыздығы  
 -реттеуші органдардың тарапынан кәсіпкерлердің құқықтарының бұзылуы да үлкен әсерін тигізеді.

Қазіргі уақытта, барлығымыз білетіндей шетел мемлекеттерінде шағын кәсіпкерлікке көп көңіл бөлінеді және әлі күнге дейін үлкен қарқынмен дамып келе жатыр. Шетел мемлекеттері кәсіпкерлікті дамыту мақсатында көптеген жобалар жасап, әртүрлі льготтар мен субсидиялар бөліп отырады.

Мысалы, АҚШ мемлекетіндегі шағын және орта кәсіпкерлік.

АҚШ-та шағын және орта бизнес кәсіпорындарының саны 7 млн-нан асады. АҚШ санақ бюросының мәліметі бойынша олардың 98%-ын шағын кәсіпкерлік құрайтын болса, оның ішінде 47%-ын 1-4 жұмыскерлері бар микрокәсіпорындар құрап отыр. 2:

АҚШ елінде жыл сайын 600мың кәсіпорын ашылып, 500 мың кәсіпорын жабылып отырады. Алайда, бұл ешкімді қорқытпайды, себебі шағын және орта кәсіпорындардың иелері сұраныстың динамикасына дер кезінде және икемді жауап береді. Басқа салада немесе басқа жерде өз бизнесінің жақсаратындығын ескерген кезде, олар ескі бизнесін жауып, жаңадан ашады. Бұл тұрғыда американдықтар өте бейімделгіш және тезбизнесті ілгері алып кете алады. Тіпті олардың бизнесі банкрот болса да, олар өздерінің ынта-жігерін жоғалтпайды және ескі бизнестің аяқталуын жаңадан бизнес ашу керек деп түсінеді. Бұл американдықтардың қаншалықты психологиялық тұрғыдан мықтылығын көрсетеді.

АҚШ мемлекетінде шағын және орта бизнесті қолдау сонау алдыңғы ғасырдың 30-шы жылдарынан бастау алады. Сол кездің өзінде АҚШ соғыстан зардап шеккен мемлекеттердегі кәсіпорындарды субсидиялауды бастаған. Сол кездердің өзінен бастап АҚШ шағын кәсіпкерлерге салық бойынша льготтар бөліп отырған. Одан кейін 1953 жылы АҚШ-тың шағын бизнес бойынша әкімшіліктері(АМВ) ашылды. Бұл әкімшіліктердің мақсаты кәсіпкерлерге қаржылық және консультациялық көмек көрсету, мемлекеттік тапсырыстарды алуға және ірі кәсіпорындармен келісім-шарт жасасуға жәрдемдесу. Бұл ұйымның өкілдіктері АҚШ-тың негізгі экономикалық орталықтарына ғана емес, барлық ірі қалаларда орналасқан. 5 млрд. АҚШ доллары сомасындағы шұғыл несиенен басқа, 45 миллиард доллардан асатын несиелер мен венчурлық капитал құралдарын қамтамасыз ету жағынан кепілдік бере отырып, АМВ шағын және орта бизнестің ең ірі қаржы негізі болып табылады.

Мысалы, 2010 жылы әлемдік дағдарысқа қарамастан шағын кәсіпкерлікті дамыту үшін АҚШ президенті Б.Обама сол жылдары «Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау туралы» заңға қол қойып 30 млрд АҚШ доллары көлемінде қаражат бөлген.

#### Шағын және орта кәсіпкерлік АҚШ және Қазақстан мемлекеттерінде:

50%	ЖІӨ-гі ШОБ алатын үлесі	20%
1/15 адам	Жеке кәсіпкерлердің үлесі	1/50 адам
35%	Экспорт үлесі	5%
13,3%	Салықтың үлесі	29,2%
50%	5 жылдан артық жұмыс жасаған кәсіпорындар үлесі	Өте аз

Жалпылай қорытындылай келе, дәл қазіргі жасалынып жатқан жобалардың негізгі мақсаттарының бірі барынша кәсіпкерлікті дамыту. Дәл қазіргі уақытта сол жобалардың көбісі біртіндеп болса да іске асып жатыр деуге болады. Өйткені қазіргі жастардың сана сезімі мен ой-өрісі ашылып, көп жастар кәсіпкерлікпен айналысуға бет бұруда. Мұның өзі де жетістік. Бірақ та әлі де біздің мемлекетімізде шағын және орта кәсіпкерлікті қаржыландыру және дамыту жұмыстарында олқылықтар көп. Ол үшін көбірек шетел мемлекеттерінің тәжірибесіне сүйену керек. Экономикалық тұрғыдан дамыған елдерде

мемлекет шағын және орта бизнестің дамуына кедергі келтірмейді, керісінше оны жетілдіруде белсенді көмекші болып табылады. Шағын және орта бизнеске мемлекеттік деңгейде айтарлықтай қолдау көрсетіледі және әртүрлі жеңілдіктер беріледі. Оның нәтижелерін біз жоғарыдағы келтірілген салыстырмалы сараптама көрсеткіштерінен-ақ байқауымызға болады. Біздің мемлекетімізде кәсіпкерлікті дамыту жұмыстары негізінде ШОБ-нің үлесі артып келе жатыр, бірақ өте жай қарқынмен.

**Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Бизнестің жол картасы 2020» мемлекеттік бағдарламасы.Бағдарламаны бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы - 13.04.2010ж - № 301
2. «Банктік несие және оның экономикалық мағынасы» - 2016ж - 1-2 бет
3. Назарова Г. Н., Толегенов Р. - ҚР шағын және орта бизнесі даму тенденциялары // Молодой ученый. — 2018. — №5.1. — С. 62-65. — URL <https://moluch.ru/archive/191/48245/>